

## Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.**

Мемлекеттің сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырган Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы (бұдан әрі — Стратегия) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері өз қызметінде Стратегияны басшылыққа алсын және оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 04.08.2018 № 723 Жарлығымен.**

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫ Мазмұны**

1. Кіріспе
2. Ағымдағы ахуалды талдау
  - 2.1. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үрдістер
  - 2.2. Шешімін талап ететін проблемалар
  - 2.3. Сыйайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар

3. Мақсат және міндеттер
    - 3.1. Мақсат және нысаналы индикаторлар
    - 3.2. Міндеттер
  4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар
    - 4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
    - 4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу
    - 4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
    - 4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыйайлас жемқорлықтың алдын алу
    - 4.5. Қоғамда парасаттылық және сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жүйесін қалыптастыру
    - 4.6. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту
  5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау
- Ескерту. Мазмұнға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.**

## 1. Кіріспе

"Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыйайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыйайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Елімізде қазіргі заманғы сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі "Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, сыйайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қымыл саласындағы функцияларды іске асыратын уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мұліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты.

Шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қысқартатын және сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесті жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да заңға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсуі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің неғұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыруға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асырудагы азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бұл орайда қазіргі кезенде мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны (бұдан әрі – Стратегия немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) айқындастын жаңа бағдарламалық құжатын қабылдау қажеттігі болып тұр.

Мұндай құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен куреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық

және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен занды мұдделерін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді.

Тұастай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жекеше секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс.

Бұл ретте Стратегия айқындаитын базалық бағыттар түпкілікті болуы мүмкін емес. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына байланысты және сыбайлас жемқорлық құбылысына, оның себептеріне, сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысты ынталандыруға терең талдаудың нәтижелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы істердің жай-күйін байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілуге тиіс.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341  
Жарлығымен.

## 2. Ағымдағы ахуалды талдау

### 2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер

Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үрдістер байқалды, оларды қүшешту және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен курестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Занды қабылдады.

2001 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылдануда.

1999 жылдан бастап қолданылған "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң және Мемлекет басшысы 2005 жылы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға негізі болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында реттеуші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін мемлекеттік орган құрылды. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға ғана емес, сонымен қатар ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың, үйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін үйлестіруге де арналған. Бұдан басқа, оның қызметі сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған.

Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылады.

Жаза бұлтартпастылығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкөреленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен шендеріне қарамастан, заңның барынша қатаандыры бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды адамдардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

Осындай қағидаттық тәсіл жаңа Қылмыстық кодексте іске асырылған. Мәселен, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалған кезде шартты түрде соттауға тыйым салынады, мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығына өмір бойы тыйым салу енгізілді, ал сыбайлас жемқорлық қылмысын алғаш рет жасаған адамдар іс жүзінде өкінуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікten тек сот арқылы босатылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда "мұдделер қақтығысы" деген маңызды ұғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қүшеттүмен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға арналған.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Құқық қорғау органдарының кадр

саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүріс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшайтуге ерекше қөніл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізу дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданы.

Жер-жерде ақпаратқа колжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуды, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуды үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшайту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және тез арада мемлекеттік қызметтерді алудың қыыннататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25%-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51%-ға) ұлғайды.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Тұастай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өнірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берді.

## 2.2. Шешімін талап ететін проблемалар

Күрделі, тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыйбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім.

Сыйбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және бәрін қамтитын анықтамасының жоқтығына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның негұрлым таралған түрлері ретінде әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану болып танылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның жеке алғанда әрбір мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына қарай қындықтарына да байланысты.

Сыйбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындаған кезде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.

Сонымен бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес заңдар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа деген төзімсіздігі болып танылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді. Кінәсіздік презумпциясының конституциялық принципін қатаң басшылыққа алу қажет.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола түсude.

Стратегия сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа тетіктері мен құралдары үшін негіз болады.

Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың түрлі салалар мен аяларда таралу деңгейін бағалау, мемлекеттік, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындайтын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді.

Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Ұлттық заңнаманың базалық салаларының болып жатқан сапалы жаңаруына қарамастан, қолданыстағы ұйымдастыруышылық-құқықтық тетіктерде басты проблема тиісті құқық қолдану мәселелерінің шешілмеуі болып қалып отыр.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін boldырмау құралдарының барлық арсеналын пайдалану әлі де өзекті проблема болып табылады.

Қолданыстағы заңнаманың және қазақстандық құқыққа тән институттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланылмаған әлеуеті бар, оны толыққанды іске асыру мүмкіндігі осы саладағы шетелдік модельдер мен тәжірибелі енгізу мәселелерін қараған кезде барынша ескерілуге тиіс.

Алдын алу-профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ.

Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Бұл ретте назар жергілікті билік органдарының қызметіне де аударылуы тиіс, өйткені, өнірлердегі істердің жай-күйі үшін олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі кеңейтіледі және дәл солар өз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен азаматтардың күнделікті мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Тұстай алғанда, уәкілетті органның қызметінде оның құқық қорғау және реттеуші функциялары арасындағы теңгерім сақталуы тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындаған кездегі мүдделер қактығысы да мемлекеттік сектордағы сыйбайлар жемқорлық көріністеріне ықпал ететін маңызды себептердің бірі болып табылады. Мемлекеттік функцияларды, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру тетіктерін егжей-тегжейлі талдау сыйбайлар жемқорлықтың таралуына ықпал ететін себептерді айқындауға және жоюға мүмкіндік береді.

Осы күнге дейін азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және құқықтық ағартуға, әсіресе, халықтың күнделікті өмірінде неғұрлым сұранысқа ие қолданыстағы құқықтың салалары мен нормалары бойынша жеткілікті көніл бөлінбей келеді.

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы насиҳат негізінен бір жолғы акциялармен және науқандармен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы шаблон түріндегі сөздермен шектеледі, интернет-кеңістік жеткіліксіз пайдаланылады.

Іс жүзіндегі ақпараттық өріс сыйбайлар жемқорлық көріністеріне мұлдем төзбеушілікті қалыптастырудың қоғамды шоғырландыруға әрдайым ықпал ете бермейді.

Сыйбайлар жемқорлық проблемаларын және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылданған жатқан шаралардың тиімділігін зерделеуге арналған социологиялық зерттеулердің деңгейі мен сапасы жетілдіруді қажет етеді.

Қызметтік этиканың нормалары мен қағидаларын бұзушылықтардың сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзінен әлі де заңнамалық деңгейде аражігі ажыратылған жоқ, бұл сыйбайлар жемқорлықтың нақты көрінісін бұрмалайды, мемлекеттің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрестегі өзекті бағыттарына құш-жігерін шоғырлауға кедергі жасайды және елдің сыйбайлар жемқорлық рейтингінің негізсіз өсуіне әкеледі.

Бұл ретте сыйбайлар жемқорлық іс-әрекеттері мен тиісінше оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза деңгейлері арасындағы аражік нақты ажыратылмаған.

Жекеше сектордағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне деген тәсілдерді де айқындау уақыты келді.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуы сыйбайлар жемқорлықтың таралу саласын және оның анықтамасына жататын адамдар тобын айқын түсінуге негізделуі тиіс. Бұл ретте бизнесі дамыту үшін әкімшілік кедергілер мен елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету ісінде қыындықтар жасалмауы тиіс. Тұстай алғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысусы қысқаруға тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік қеңістікке одан әрі кірігуі бойынша жасап жатқан қадамдары біздің елімізді сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

мәселелерінде қабылданған белгілі бір халықаралық стандарттарды ескеруге міндеттейді.

Сонымен бірге, мұндай стандарттар шетелдік серіктестердің ұсынымдарын пайдаланып қана енгізілмеуі тиіс. Халықаралық тәжірибе оның ережелерінің ел Конституциясына, қалыптасқан заңнамалық және құқық қолдану практикасына сәйкес болуы түрғысынан, дәстүрлі және біздің елге тән құқықтық тетіктер мен институттардың қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият зерделенуге және егжей-тегжейлі талдауға жатады.

**Ескерту. 2.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.**

### **2.3. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін қалыптастыру үшін ең алдымен қазіргі заманғы жағдайларда оның көріністеріне ықпал ететін негізгі факторларды айқындау қажет.

Оның ішінде қазіргі уақытта неғұрлым өзектісі біріншіден, олардың нормалары құқық қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасауға көбіне жағдайлар жасайтын салалық заңдардың жетілдірілмеуі болып табылады.

Құқықтанудың қыр-сырын білмейтін азаматтар үшін практикада мұндай заңдардың ережелерін дұрыс түсіну мен тиісінше ұғыну қыынға соғады.

Екіншіден, мемлекеттік және корпоративтік басқару ашықтығының жеткіліксіз болуы. Басқарушы шешімдерді әзірлеу және қабылдау процестері, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер туралы сөз болған жағдайларда әлі де ең жабық процестердің бірі болып қалуда.

Үшіншіден, лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кездегі халықпен тікелей байланысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда.

Төртіншіден, халықтың, оның ішінде мемлекеттік сектор қызметшілерінің өздерінің құқықтық мәдениетінің деңгейі әлі де төмен, бұл арам пиғылды қызметкерлерге оны пайдакүнемдік, құқыққа қарсы мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, азаматтар мінез-құлышының сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсаттық жұмыстың болмауы.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының еңбекақысының және мемлекеттік қызметтегі әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіз деңгейі.

### **3. Мақсат пен міндеттер**

#### **3.1. Мақсат пен нысаналы индикаторлар**

Осы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне "мұлдем төзбеушілік" ахуалын жасау арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегияда қолданылатын нысаналы индикаторлар:

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы;
- қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімі;
- халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі;

Елдің халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттыру және тиісті халықаралық рейтингтерді, оның ішінде "Transparency International" сыйбайлас жемқорлықты қабылдау индексіндегі Қазақстанның рейтингін жақсарту.

#### **3.2. Стратегия міндеттері:**

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- соттар мен құқық қорғау органдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Стратегияның мақсаты мен міндеттері "Қазақстан-2050" Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, "Нұр Отан" партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламасының ережелерін, сондай-ақ басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен пікірлерін ескереді.

### **4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар**

#### **4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мұдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакұнемдік мақсаттарда пайдалану пайдасыз және мүмкін емес болатын шараларды одан әрі қабылдап, жағдайлар жасайды.

Осында маңызды шаралардың бірі мемлекеттік қызметшілердің тек қана кірістерін емес, сондай-ақ шығыстарын да декларациялау болмақ. Бұдан әрі мұндай декларациялау бүкіл халыққа қолданылады, бұл мемлекеттік қызмет жүйесінде занылықты сақтауға және ашықтықты қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей декларациялауға көшу халықаралық сыйайлар жемқорлыққа қарсы стандарттарды ұлттық заңнамаға дәйекті имплементациялауды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу жұмысын қүшетудің тағы бір маңызды факторы бағыныстыларының сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін басшылардың жауапкершілігі болып табылады. Мұндай тәсіл мемлекеттік қызметте парасаттылықты қамтамасыз ету жүйесін едәуір нығайтады.

Жергілікті атқарушы органдар қызметі тиімділігінің көрсеткіші ретінде сыйайлар жемқорлық деңгейін анықтау да алдын алу шараларын қарқыннатуға ықпал етеді.

Мемлекеттік аппаратта сыйайлар жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңмен жоғарылату көзделген. Бұл міндет мемлекеттік қызметшілер еңбекақысының жекеше сектормен салыстырғанда әзірше бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз екендігін ескере отырып та өзекті бола түседі.

Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы – сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі.

Сыйайлар жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыйайлар жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады.

Осыған байланысты бірқатар мемлекеттік функцияларды мемлекеттік емес секторға – өзін өзі реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңмен беру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Казіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Нәтижесінде халыққа электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің көлемі өсетін болады, оның ішінде осындаған форматта рұқсаттарды беру де қамтамасыз етіледі.

Білім беру мен денсаулық сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік саланың базалық салаларында тиісті қызметтерді электрондық түрде көрсету сыйлас жемқорлықты төмендетуге ықпал етеді.

Қызметтің неғұрлым сыйлас жемқорлықшыл саласына жататын мемлекеттік сатып алу жүйесі жаңғыртылатын болады. Нәк осында әрбір төртінші сыйлас жемқорлық қылмыс жасалады.

Ахуалды түбегейлі жақсарту үшін бірыңғай операторды бекіту, тауарларды автоматтандырылған түрде таңдауды енгізу, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімін жетілдіру сияқты шаралар қажет етіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылады.

"Бір терезе" қағидаты бойынша (ХҚКО арқылы) халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі де кеңейтіледі.

Тұастай алғанда, сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ашықтық қағидаты түйінді фактор болып табылады, сондықтан да оны енгізу жөніндегі жұмыс тұрақты, жүйелі негізде, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг арқылы жүргізілетін болады.

**Ескерту. 4.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.**

#### **4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу**

Сыйлас жемқорлық профилактикасының пәрменді тетігі қоғамдық бақылау болып табылады.

Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді.

"Қоғамдық бақылау туралы" Заңың қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік берер еді.

Мұндай заң оның институттары мемлекеттің беделін нығайтуға және мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын арттыруға жәрдем ететін азаматтық қоғамды одан әрі дамытуда маңызды рөл атқаруға арналған.

Азаматтардың құқықтары мен мұдделерін қозғайтын мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар, мемлекеттік органдар шешімдеріне қоғамдық сараптама өткізу үшін басшылардың жүртшылық алдындағы есептерін тыңдау және азаматтардың алқалы органдардың жұмысына қатысуы үшін құқықтық негіз жасалатын болады.

Заң сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттердің өзін де, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге де ықпал етеді.

Бұл ретте қоғамдық бақылаудың ел Конституциясының талаптарына сәйкес мемлекеттің бақылаушы функцияларынан аражігі нақты ажыратылуға тиіс.

Мемлекеттік аппарат жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің тағы да бір құралы "Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы" Заң болуы тиіс, ол жария ақпаратты алушылардың құқықтарын, оны беру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекітеді.

Жария ақпаратқа еркін қолжетімділік халықтың шенеуніктермен артық байланысы қажеттілігін болдырмайды.

Сыйбайлас жемқорлықпен табысты күрестің аса маңызды факторы азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылады.

Бұған жергілікті өзін өзі басқарудың өкілеттіктерін кеңейтуді көздейтін заңының қабылдануы ықпал етеді.

Халыққа ең алдымен жергілікті өзін өзі басқарудың бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражаттың пайдаланылуына мониторинг пен бақылауға қатысу мүмкіндігін берген жөн.

#### **4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады.

Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алулардың көлемдерінен жиі асып кететін бюджет кезінде сырт көзге сыйбайлас жемқорлықтың проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда қазіргі ахуал бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіз екендігін айғақтайды. Сондықтан осы сектордағы есеп берушілікті, бақылауда болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет.

Квазимемлекеттік секторда парасаттылықты нығайтуға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауға және тәуекелдерді бағалауға ерекше назар аудара отырып сыйбайлас жемқорлық практикаларының алдын алуға, теріс пайдаланушылықты болдырмауға, мүдделер қақтығысын анықтау мен басқаруға, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуға шоғырландырылған, комплаенс-қызмет ықпал етеді.

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі іскерлік этика мен бизнесті адал жүргізудің қазіргі заманғы қағидаттарын сақтау кезінде ғана мүмкін болады.

Жұмыс істеп тұрған Ұлттық кәсіпкерлер палатасы отандық бизнестің мүдделерін қорғаумен қатар оның ашықтығы мен сатылмайтындығы үшін жауаптылықта өз үлесін атқаруға және корпоративтік сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

Бұл жолдағы алғашқы қадам жасалды да – Бизнестің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясы әзірленді. Мұнда Қазақстанның сыйбайлас жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын жеке кәсіпкерлігінің негізгі қағидаттары мен постулаттары жарияланған.

Қаржылық-шаруашылық қызметтің түрлі салаларында алдағы уақытта бірқатар басқа да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау керек.

Сондай-ақ квазимемлекеттік және жекеше сектор субъектілерінің азаматтарға қызметтер көрсеткен кезде ашықтықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылданады.

Бұл, оның ішінде банк саласында электрондық технологияларды пайдалануды кеңейту, табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді айқындау үшін нақты критерийлерді белгілеу, мемлекеттің құрылыш саласы мен экономиканың басқа да салаларында қатысуын қысқарту болып табылады.

Сонымен қатар жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлық көріністерімен күрес ол инвестициялық ахуалды нашарлатуға және кәсіпкерлер үшін тәуекелдерді қөбейтуге әкеп соқпайтындей етіп жүргізілуі тиіс.

**Ескерту. 4.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.**

#### **4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу**

Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігі, бірінші кезекте, негізгі буыны сот төрелігінің мінсіз жүйесі болып табылатын болып табылатын құқықтың ұstemдігін қамтамасыз ету жүйесіне байланысты.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, сот төрелігін іске асырудың сапасын жақсарту үшін судьялардың қызметіндегі сыйбайлас жемқорлықты болдырмау, оның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды қатаңдату арқылы болдырмау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сот ісін жүргізуі оңайлату, оның жеделдігін арттыру, соттардың қызметін автоматтандыру сот төрелігіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сот жүйесі қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау жүйесінің жұмысындағы басымдықтар жасалған қылмыстарды анықтаудан олардың профилактикасы мен алдын алуға ауысуы тиіс.

Құқық қорғау органдарының кадр саясатында мемлекеттік әкімшілік қызметтің жүйесінде қолданылып жүрген конкурстық іріктеу тетіктерін және меритократия қағидатын енгізу қажет.

Қызметкерлерді аттестаттау және тестілеу рәсімдері жетілдірілетін болады, кадр резервін пайдаланбай ауысуға тыйым салынады.

Құқық қорғау қызметі саласында сыйбайлар жемқорлық орта да қүштік құрылымдар қызметкерлерінің азаматтармен байланыстары кезінде туындауы мүмкін.

Бұл проблеманың шешілуі едәуір дәрежеде құқық қорғаушылар қатарының тазалығына, жаңа технологиялардың одан әрі енгізілуіне және тиісті рәсімдердің автоматтандыруына байланысты болмақ.

Тек сыйбайлар жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын құқық қорғау органдары азаматтардың құқықтарын, қоғам мен мемлекеттің мұдделерін тиімді қорғауға қабілетті.

Құқық қорғау қызметін бағалаудың басты критерийі халықтың сенімі болуы тиіс.

#### **4.5. Қоғамда парасаттылық жүйесін және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру**

Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл парадигмасын өзгертудің тұжырымдамалық негізі қоғамдағы парасаттылық идеологиясы болуы тиіс.

Парасаттылық – әділдік, занылдылық, сатылмайтындық, адалдық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым. Парасаттылық жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығын, айқындығын көздейді.

Парасатты қоғамда сыйбайлар жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік әрбір адамның ішкі нанымына, ойлауы мен мінез-құлқының негізіне айналады. Дәл осы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы дамыған мәдениет сыйбайлар жемқорлықтың елдің табысты болашағына қауіп-қатер, өскелен ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі үшін кедергі деген ұғымды қамтамасыз етеді.

Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде мемлекет пен азаматтардың серікtestігі, олардың сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қүш-жігерін біріктіру, қоғамның осы жұмысқа барынша тартылуын қамтамасыз ету түпкілікті маңызды рөл атқарады.

Аталған тәсіл қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктерін кеңейтуді көздейді, ол қоғамдық кеңестердің қызметімен ғана шектелмеуі тиіс.

Азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылдарының басқа да практикалық тетіктерін және ең алдымен, мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы мен қызметінің айқындығын арттыру, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сияқты бағыттар бойынша заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қажет.

Мұндай тетіктерге бюджет қаражатын бөлу және олардың жергілікті өзін-өзі басқару бағдарламалары бойынша пайдаланылуы туралы шешімдер қабылдау процесінде халықтың қатысуын, заңнамамен белгіленген шектерде нормативтік құқықтық актілер жобаларының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасын жүртшылықтың қатысуымен жүргізуі жатқызуға болады.

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алушының маңызы зор факторы азаматтардың осы немесе өзге салада немесе өнірде барынша проблемалы, өткір мәселелерін, сондай-ақ оларды шешу жолдарын анықтауға тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылады. Бұл, тек сыйбайлас жемқорлықты жою бойынша міндеттерді шешуге ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту, билікке деген сенім деңгейін арттыру және шенеуніктердің сыйбайлас жемқорлыққа жоғары бейімділігі туралы стереотипті "бұзуға" мүмкіндік береді.

Жүртшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы рөлін күшейту және қоғамдық бақылауды кеңінен қамтамасыз ету қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруды талап етеді.

Мұнда жас үрпақты сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол беруге мүмкіндік бермейтін жаңа көзқараспен және өмірлік қағидаттармен өсіру шешуші рөл атқарады.

Бұл үшін бала кезінен тұлғаның дамуы мен қалыптасуының барлық кезеңдерінде оқыту мен тәрбиелеу арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту маңызды. Парасаттылық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптарын білім беру жүйесіне қосу керек.

Жастардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысы, мектептегі парасаттылық клубтары азаматтардың сыйбайлас жемқорлықтан "иммунитеті" бар жаңа буынын қалыптастыруға ықпал етеді.

Халықтың, өсіресе, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығы мемлекеттік қызметшілер тарапынан лауазымдарын теріс пайдалану тәуекелдерін едәуір қысқартады. Пікір көшбасшыларын тарта отырып, қоғамды сыйбайлас жемқорлық көріністеріне мұлдем төзбеушілікті қалыптастыруды шоғырландыруға ықпал етеді.

Ауқымды түсіндіру жұмысы арқылы қоғамдағы құқықтық нигилизмді түбірімен жою азаматтарға мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процестеріне ықпал етудің практикалық құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Осылай қатар, парасаттылық және сыйбайлас жемқорлықты жаппай қабылдамау ауанын құру мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды күшейту қажет. Адал, лайықты мемлекеттік қызметшілер үлгілерін

кеңінен жариялау, қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысу мүмкіндіктері туралы ақпаратты тарату қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

Сыйбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға азаматтардың қатысуын жандандыру үшін, параның немесе келтірілген зиянның мөлшеріне байланысты біржолғы ақшалай сыйақылар төлеудің сараланған жүйесін белгілей отырып, мұндай жағдайлар туралы хабарлағаны үшін оларды көтермелегендің қолданыстағы тетігі жетілдірілді.

Бұл ретте сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың қосымша тетіктерін пысықтау қажет.

Жиынтығында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық шаралары мемлекеттік билік органдарына деген сенімді арттыруды және сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде көрініс табуы тиіс.

Ахуалдың тұрақты мониторингі үшін талдау мен бағалаудың өзге құралдарын пайдаланумен қатар, әлеуметтанушылық зерттеулерді – қоғамдық пікірді таразылауды, оның ішінде халықаралық рейтингтік ұйымдардың табысты әдістемелерінің негізінде, тұрақты түрде жүргізіп отыру қажет. Қоғамның қанағаттанушылығы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалаудың негізі болуы тиіс.

**Ескерту. 4.5-кіші бөлім жана редакцияда - КР Президентінің 27.05.2020 № 341 Жарлығымен.**

#### **4.6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту**

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді және тереңдете түседі.

Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретіндегі тиімді сыртқы саяси қызметі біздің еліміздің халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, оның ішінде БҰҰ-ның Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына, осы саладағы басқа да құжаттарға қосылуы соның нәтижесі болып табылады.

Бір жағынан, бұл сыйбайлас жемқорлыққа қарсы үздік практиканы пайдалануға ынталандырады, екінші жағынан – шетелдермен ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Біздің мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді экстрадиациялау және активтерді қайтару бойынша бірқатар келісімдер жасады.

Біздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымызды жетілдіруге Еуропалық Кеңеспен өзара іс-қимыл да, бірақ өз ерекшеліктеріміз бен ұлттық заңнаманы ескере отырып, шетелдік тәжірибелі пайдалану ықпал ететін болады.

Олар арқылы шетелге, көбіне шығу тегі құмән туғызатын капитал шығарылатын және зандастырылатын оффшорлық аймақтар ерекше назарды талап етеді. Тиісті халықаралық келісімдер мен шарттарға қол қою оффшорлық компаниялар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу, беделді халықаралық ұйымдарға қатысу практикасы жалғасатын болады. Біздің еліміз трансұлттық сыйайлар жемқорлыққа қарсы қарес мәселелерін талқылау үшін беделді диалогтық алаң бола беруге ниетті.

## **5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау**

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру тетігінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган басты орган болып табылады, ал Стратегияны орындауға барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер, мемлекет қатысатын компаниялар, саяси партиялар және басқа да қоғамдық бірлестіктер және тұтастай алғанда азаматтық қоғам қатысады.

Стратегияның ережелерін кезең-кезеңмен іске асыруды Іс-шаралар жоспары қамтамасыз етеді, оны Президент Әкімшілігінің келісуімен Үкімет бекітеді.

Стратегияның мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты ішкі және сыртқы болып бөлінетін оны орындауды мониторингтеу және бағалау болып табылады.

Орындауды ішкі мониторингтеуді және бағалауды тиісті іс-шараны тікелей орындаушы жүргізетін болады, сыртқыны – арнайы құрылған мониторингтік топ жүргізеді, оған мүдделі мемлекеттік органдардың, жүртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылу жай-күйін тиісті мониторингтеу мен бағалаудың шарты оның ашықтығы болып табылады.

Тиісті іс-шаралар орындалуының барысы туралы есептер міндетті түрде сыртқы бағалауды алу және жүртшылықтың пікірін ескеру мақсатында халықтың назарына жеткізілетін болады.

Бағалау мен жүртшылықтың пікірі Стратегияны іске асырудың кейінгі кезеңдерінде ескеріледі.

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы стратегияны орындаудың соңғы сатысы Мемлекет басшысының қарауына тиісті есеп енгізу болады.

Құжаттың іске асырылуы туралы жыл сайынғы ұлттық есеп бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылуға жатады.